ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 3 ақпан №4712-26-00-2/51 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Б.Байғожаев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Кудайбергенова» әрекет етуші Асем Калижановна Кудайбергенова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Кудайбергенова» әрекет етуші Асем Калижановна Кудайбергенова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

2025 жылғы 1 шілдедегі №01-53-26 шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін «Кудайбергенова» әрекет етуші Асем Калижановна Кудайбергеновадан талап қоюшы мемлекет пайдасына 25 200 (жиырма бес мың екі жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл және 2 722 (екі мың жеті жүз жиырма екі) теңге мемлекеттік баж, барлығы 27 922 (жиырма жеті мың тоғыз жүз жиырма екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.Б.Байғожаев

Құжатқа қол қойылған: Байгожаев Б. Б., 04.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2026, судья Байгожаев Б. Б., 10.03.2026

4712-25-3-1/4791